

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ЖЕР ҮСТІ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ САЯСАТЫ

Көлік тасымалы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) барлық нысандарында күн сайын қажет етілетін сервистік қызметтердің маңызды әрі кең таралған түрі. Осы және де басқа факторлар көлікті сервистік қызметтердің ішіндегі ең жоғары апатты саласына айналдырады, ҚМГ қызметкерлерінің, мердігерлердің және үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру ықтималдығы аса жоғары болып табылады.

Негізгі мақсаттары:

- Көлік құралдарын пайдалану және қызмет көрсету барысында адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау;
- Жол-көлік оқиғаларының алдын алу және олардың салдарларының ауырлығын азайту;
- Көлік құралдарының жергілікті тұрғындарға, қоршаған ортаға, инфрақұрылымға теріс әсерін қысқарту және ҚМГ мүлкін сақтау.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу мынадай қағидаттардың негізінде жүзеге асырылады:

жол қозғалысының қауіпсіздігі саласындағы заңнама талаптарын, ҚМГ көлік құралдарын қауіпсіз басқаруды ұйымдастыру бойынша ішкі актілерін сақтау;

белгіленген нормаларға сәйкес желіге толық көлемде жабдықталған, техникалық жарамды көлік құралдарын шығару;

әрбір жүргізушінің рейс алдында медициналық қараудан, ал қажетті жағдайда рейстен кейін медициналық қараудан міндетті түрде өтуі;

жүргізушіге алкоголь, есірткі құралдар, психотроптық заттар және олардың аналогтарынан масаң күйде көлік құралын басқаруға байланысты әрбір бұзушылық фактісіне төзбеушілік – аталмыш қағидатты бұзудың әрбір фактісі кінәлі қызметкермен еңбек қарым-қатынастарын дереу бұзуға әкеледі;

басшылық пен жолушылар тарапынан жүргізушіге жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптарды бұзға мәжбүрлеуге жол бермеу;

сапарларды ұйымдастыру мен басқарудың корпоративтік жүйесін үздіксіз жетілдіру;

көлік құралдарын басқаруға тиісті біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі бар жүргізушілерді тарту;

оқиғалардың санаттарына қарамастан, жол-көлік оқиғаларына және бұзушылықтарға қатысты айқындылық;

әрбір жол-көлік оқиғасының ішкі қызметтік тергеуін жүргізу, түбегейлі себептерін анықтау және қажетті алдын-алушы және түзетішу шараларды қабылдау;

корпоративтік қауіпсіздік талаптарын сақтау мақсатында, мыналарға **ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:**

- жүргізушінің және барлық жолаушылардың қауіпсіздік белдіктерін тақпай көлік құралдарын жүргізу;
- белгіленген жылдамдық режимінен асуы;
- жүргізушілердің көлік құралының қозғалысы кезінде мобильді байланыс құралдарын пайдалануы;
- көлік құралдарының салонында шылым шегу;
- тәуліктің жарық уақытында жақын жарық фаралары немесе күндізгі жүру оттары өшіріліп тұрған көлік құралын басқару;
- ҚМГ көлік құралдарында бөтен тұлғаларды және/немесе жүктерді өздігінен тасымалдау;
- Жұмыс берушінің қызметтік көлік құралдарын пайдалану қарастырылған келісімшарттық аумақта жеке көлік құралын пайдалану, сондай-ақ жұмыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз және тиісті жол парағысыз қызметтік және/немесе өндірістік мақсаттарда көлік құралдарын пайдалану.

Саясаттың басымдылық бағыттары мен міндеттері:

жол қозғалысының қауіпсіздігі саласындағы рәсімдер мен заңнама талаптарына сәйкес, ҚМГ барлық көлік құралдарын қауіпсіздік белдіктерімен жабдықтау;

қауіпсіздік белдіктері жарамсыз көлік құралдарының сатып алынуына жол бермеу;

көлік құралдарының қозғалысын басқарудың және бақылаудың корпоративтік жүйесін, оған қоса спутниктік мониторинг және көлік құралдарының жалпы жүрісін азайту жүйелерін дамыту және жетілдіру;

сапарларды жоспарлау, бағдардың тәуекелдері мен қауіпті учаскелерін анықтау жүйесін дамыту және жетілдіру;

жұмысшылар мен мердігерлердің қауіпсіздік мәдениетін арттыру, қызметкерлерге күнделікті өмірде де қауіпсіздік белдіктерін пайдалану қажеттілігі мен қызметтік көлік құралдарында жүру кезінде белдік тағу міндеті туралы жеткізу.

ҚМГ көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану жөніндегі **Саясатының ережелері** жүргізушілердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын, көлік құралдарын басқару және жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттарды әзірлеу үшін негіз болып табылады.

ҚМГ тек қана жол қозғалысының барлық қатысушыларының өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген, көліктегі қауіпсіздікке қойылатын талаптарын кеңірек әзірлеуге құқылы.

Саясаттың қолданысы ҚМГ-дың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ жасалатын шарттарда көрсетілген талаптарға сәйкес ҚМГ объектілерінде қызмет көрсететін, оның ішінде көлікпен тасымалдауды орындайтын мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне таралады.

Осы құжат барлық мүдделі тараптар үшін ашық және қол жетімді болып табылады.

ҚМГ басшылығы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ басқару жүйесіне қажетті ресурстар мен жағдайларды қамтамасыз етуге жауапкершілік алады.